



Бекітемін:

ҚР ҒЖБМ ҒК «Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты» РМК ШЖҚ

Бас директоры

Масимханулы Д. Масимханулы Д.

«01» маусым 2023 ж.

ҚР ҒЖБМ ҒК ШЖҚ «Р.Б. СҮЛЕЙМЕНОВ АТЫНДАҒЫ ШЫҒЫСТАНУ ИНСТИТУТЫ» РМК СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ ТУРАЛЫ НҰСҚАУЛЫҚ

1. Жалпы ережелер

1. Осы ҚР ҒЖБМ ҒК ШЖҚ «Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты» РМК Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы нұсқаулық (әрі қарай сәйкес – Нұсқаулық және Институт) сыбайлас жемқорлық бағыттағы әрекеттерге қатысы бар, сыбайлас жемқорлық сипатты жағдай пайда болған жағдайда, Институттың лауазымды тұлғалары және оның қызметкерлерінің әрекет тәртібін белгілейді.

2. Осы Нұсқаулықта келтірілген талаптар минималды қажетті және нақты жағдайда түбегейлі және/немесе шектеуші ретінде қарастырылмауы қажет.

2. Негізгі терминдер және анықтамалар

3. Осы Нұсқаулықта келесі терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:

1) **Пара** – мемлекеттік қызметтерді орындауға уәкілеттік берілген адам не оған теңестірілген адам немесе жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адам не лауазымды адам, сол тәрізді шет мемлекеттің немесе халықаралық ұйымның лауазымды адамы жеке өзі немесе делдал арқылы алатын ақша, бағалы қағаздар, өзге де мүліктер, мүлікке құқық немесе мүліктік сипаттағы пайда.

2) **Лауазымды тұлға** – Институт Бас директоры және оның орынбасарлары;

3) **Мүдделер қайшылығы** – лауазымды адамдардың / қызметкерлердің жеке мүдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық, бұл ретте, аталған адамдардың жеке мүдделері олардың өз лауазымдық өкілеттіктерін тиісінше орындамауына әкеліп соғуы мүмкін;

4) **Сыбайлас жемқорлық** – Институттың лауазымды тұлғаларының жеке өзі немесе делдалдар арқылы мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтарды өздері не үшінші тұлғалар үшін алу немесе алу мақсатында өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және олармен

байланысты мүмкіндіктерді заңсыз пайдалануы, сол сияқты, осы тұлғаларға игіліктер мен артықшылықтар беру жолымен пара беру;

5) **Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл** – Институт өз өкілеттіктері шегінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде, Институтта сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасауға және олардың салдарын жоюға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою жөніндегі қызмет;

6) **Қызметкер** – Институтпен еңбек қатынастарындағы жеке тұлға.

3. Сыбайлас жемқорлық және коммерциялық параға жығу бағытты ықтимал жағдайлар, сондай-ақ, мінез-құлық ережесі бойынша ұсынымдар

4. Институттың құрылымдық бөлімшелерінің қызметін тексеруді жүзеге асыратын – қызметке жүгінген азаматтар, лауазымды тұлғалар тарапынан ықтимал арандатушылықтарды болдырмау үшін:

1) келушілер отырған қызмет бөлмелерін және жеке заттарды (киім-кешек, портфельдер, сөмкелер және т.б.) қараусыз қалдырмау;

2) келуші кеткеннен кейін, жұмыс орны немесе жеке заттарда өзге нәрселер табылған жағдайда, өз бетінше ешқандай әрекет жасамай, дереу басшылыққа хабарлау.

5. Институттың лауазымды тұлғасына, қызметкеріне пара беру ұсынылған жағдайда мыналар қажат:

1) пара беру және/немесе коммерциялық параға жығу нысанасын қабылдауға дайын немесе үзілді-кесілді бас тарту ретінде ұғынылатындай асығыс мәлімдемелерге жол бермей, өте сақ, сыпайы, жағымпаздық білдірмей, әрекет ету;

2) Сізге ұсынылған талаптарды зейін салып тыңдап, нақты есте сақтау (сомалар мөлшері, тауарлардың атауы мен қызметтер сипаты, пара тапсыру мерзімдері мен тәсілдері, коммерциялық параға жығу формасы, мәселелерді шешу тізбектілігі);

3) пара және/немесе коммерциялық параға жығу нысанын беру уақыты мен орны жайлы мәселені келесі сұхбатқа дейін қалдыруға тырысып, келесі кездесу үшін Өзіңізге жақсы таныс орынды ұсыну;

4) әңгіме барысында бастамашы болмай, барынша «қабылдауға жұмыс жасаңыз», сұхбаттасыңызға мейлінше көбірек ақпарат хабарлайтындай, «бәрін ақтарып айтуға» мүмкіндік беріңіз;

5) пара беру немесе коммерциялық параға жығуды Сіз құптаған жағдайда, Сіздің мәселеңізді шешудегі кепілдік жайлы сұрау;

6) Сізде диктофон болған жағдайда, пара беру және/немесе коммерциялық параға жығу нысаны туралы ұсынысты (жасырын) жазып алуға тырысу;

7) осы факті туралы жоғары тұрған басшылыққа қызметтік жазба түрінде хабарлау;

8) Комплаенс қызметіне электрондық адреске +7 (705) 705-46-48 телефоны бойынша жазбаша немесе ауызша хабарламамен жүгіну;

9) жазбаша немесе ауызша хабарламамен дайындалып жатқан қылмыс туралы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша өкілетті органға, болмаса 1424 колл-орталығына жүгіну.

6. Институттың лауазымды тұлғалары және оның қызметкерлері арасында мүдделер қайшылығы пайда болған жағдайда:

1) кез келген ықтимал мүдделер қайшылығына мұқияттылықпен қарау;

2) кез келген ықтимал мүдделер қайшылығының пайда болуына жол бермейтін шара қолдану;

3) Сізге мәлім болған кезде, пайда болған мүдделер қайшылығы немесе оның пайда болу мүмкіндігі туралы тікелей бастығыңызға жазбаша түрде ескерту;

4) Тікелей бастығыңызбен келісе отырып, пайда болған мүдделер қайшылығын еңсеретін шаралар қабылдау;

5) мүдделер қайшылығының тарабы болып табылатын қызметкердің қызметтік жағдайын белгіленген тәртіппен қызметтік міндеттерін атқарудан шеттетілгенге дейін және (немесе) мүдделер қайшылығының туындауына себеп болған пайдадан бас тартқанға дейін өзгерту;

6) қызметтік мінез-құлыққа қойылатын талаптарды сақтау және мүдделер қайшылығын реттейтін комиссия құру.

4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын қабылдау кезіндегі Институттың лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің әрекеті

7. Өз білгеніңізше, Сіз жазбаша немесе ауызша хабарламамен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша өкілетті органға немесе 1424 колл-орталығына жүгіне аласыз.

8. Сыбайлас жемқорлық сипаттағы құқық бұзушылық туралы хабарлау нысандарының бірі – анонимді өтініш болып табылады. Бұл жағдайда, анонимділікке байланысты, өтініш беруші жауап ала алмайды, ал, қылмыс туралы анонимді өтініштің өзі, мұндай өтініште дайындалып жатқан немесе жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы мәліметтер болған жағдайларды қоспағанда, қылмыстық іс қозғауға себеп бола алмайды.

9. Пара бопсалаушылығы жағдайында, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша өкілетті органға жүгініп, Сізді пара беруге немесе коммерциялық параға жығуға мәжбүрлеу факті туралы арыз жазу, онда нақты көрсетілетіндер мыналар:

1) Лауазымды қызметкерлердің (аты-жөні, қызметі, мекеменің атауы) қайсысы Сізді пара беруге бопсалады немесе коммерциялық құрылым өкілдерінің қайсысы Сізді параға жығуға итермеледі;

2) бопсаланған пара (параға жығу) сомасы мен сипаты қандай;

3) нақты қандай әрекет (немесе әрекетсіздік) үшін Сізді парамен бопсалайды немесе коммерциялық параға жығып отыр;

4) пара беру немесе коммерциялық параға жығу қай уақытта, қай жерде және қалайша жүзеге асырылуы тиіс.

10. Сыбайлас жемқорлық сипатты белгілері бар сыбайлас жемқорлық қылмыс пен жағдайлар айқындалған және/немесе қақтығысқан кезде, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша өкілетті органға жүгінумен қатар, қызметкерлер Институттың Комплаенс қызметіне +7 (705) 705-46-48 телефоны бойынша хабарлау шараларын қабылдауы қажет;

11. Институт қызметкері өзінің қызметтік міндеттерін атқарған кезде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық, коммерциялық параға жығу және өзге де қылмыстық құқық бұзушылық фактісі туралы хабарлаған лауазымды адам, қызметкер мемлекеттің қорғауында болады және Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен көтермеленеді.

12. Компания қызметкерлерінің өз қызметтік міндеттерін орындауы кезінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға, коммерциялық параға жығу және өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтар кезінде жәрдем көрсететін лауазымды адам, қызметкер туралы ақпарат мемлекеттік құпия болып табылады және заңда белгіленген тәртіппен беріледі. Аталған ақпаратты жария ету заңда белгіленген жауаптылыққа әкеліп соғады.

5. Қорытынды ережелер

13. Осы Нұсқаулық Институттың барлық лауазымды тұлғалары мен оның қызметкерлерінің танысып, қолдануы үшін міндетті болып табылады.

14. Осы Нұсқаулық Институттың бас директоры бекіткен күннен бастап күшіне енеді.

15. Нұсқаулыққа енгізілетін өзгерістер/толықтырулар Институттың бас директоры бекіткен күннен бастап күшіне енеді.